



2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті мен Мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азаматтар;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдардың және жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жиынтық үлесі отыз бес пайыз құрайтын ұйымдардың басқару міндеттерін атқаратын адамдар теңестіріледі.

4. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық субъектілерінің қатарына лауазымды және мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті өзге адамдарды немесе оларға теңестірілген адамдарды сатып алуды жүзеге асыратын, сондай-ақ оларға заңға қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беретін жеке және заңды адамдар да жатады.";

3) 4-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза, әкімшілік жауаптылық пен жаза тиесілі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде көзделеді.";

4) 6-бапта 3-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы баптың 1, 2-тармақтарында аталған лауазымды адамдар мен органдар сыбайлас жемқорлық қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істі, материалды, хаттаманы, ұсынымды жолдаған адамға немесе органға заңда белгіленген мерзім ішінде оларды қарау қорытындылары туралы хабарлауға міндетті.";

5) 11 - бапта :

атауында "немесе жекжаттардың" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақта "(ата-аналары, ерлі-зайыптылар, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) немесе жекжаттары (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары)" деген сөздерді "(ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілер, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 12-бапта 1-тармақтың 10) тармақшасында "бұзу" деген сөз "әлденеше рет бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 13-бапта 1-тармақтың 3) тармақшасында:

"шетелдік (халықаралық)" және "шетелдік әріптестерінің шақыруы бойынша" деген сөздер жойылсын;

"қоғамдық бірлестіктердің (қорлардың)" деген сөздер "ұйымдардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 13-1 баппен толықтырылсын:

"13-1 бап. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолданудың мерзімдері:

1. Мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адам немесе оған теңестірілген адам сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін осы теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей тәртіптік жаза белгіленеді және теріс әрекет жасаған күннен бастап бір жылдан кешіктірілсе, жаза қолдану мүмкін емес болып табылады.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан немесе қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, алайда мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтың не тәртіптік теріс қылықтың сипаттары болса, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жаза қолданылуы мүмкін.";

9) 14, 15, 16-баптар, 17-баптың 2-тармағы жойылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 773-бет; 2000 ж., N 13-14, 170-бет):

1) 10 - бапта:

3-тармақта "(ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, апа-сіңлісі, балалары) немесе жекжаттары (аға-інілері, апа-сіңлілері, жұбайының ата-аналары мен балалары)" деген сөздерді "(ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (зайыбы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - тармақта:

5) тармақшада "бір жыл" деген сөздер "екі жыл" деген сөздерге ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік қызметке кірер алдында үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған";

2) 28-баптың 1-тармағында "міндеттерді орындамағаны" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны" деген сөздермен толықтырылсын;

10) мынадай мазмұндағы 28-1-баппен толықтырылсын:

"28-1-бап. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолданудың мерзімдері

1. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін осы теріс қылық анықталған

күннен бастап үш айдан кешіктірілмей тәртіптік жаза белгіленеді және теріс қылық жасаған күннен бастап бір жылдан кешіктірілсе, жаза қолдану мүмкін емес болып табылады.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан немесе қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, алайда адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтың не тәртіптік теріс қылықтың сипаттары болса, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жаза қолданылуы мүмкін."

3. 1997 ж. 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-бет; 1998 ж., N 16, 219-бет; N 17-18, 225-бет; 1999 ж., N 20, 721-бет; N 21, 774-бет; 2000 ж. N 6, 141-бет; 2001 ж., N 8, 53, 54-бет; 2002 ж. N 4, 32, 33-бет; N 17, 155-бет):

1 ) 4 1 - б а п т а :

екінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін - белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазаның негізгі түрі ретінде үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге және жазаның қосымша түрі ретінде бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы Кодекстің 176-бабының үшінші бөлігінде "г" тармағында, 193-бабының үшінші бөлігінде "а" тармағында, 209-бабының үшінші бөлігінде "а" тармағында, 307-бапта, 308-бапта төртінші бөлігінде "в" тармағында, 310-315 баптарда, 380-бапта көзделген қылмыстар сыбайлас жемқорлық қылмыстар болып танылады.";

2) 77-баптың үшінші бөлігінде е) тармағында "қылмысы" деген сөзден кейін " сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) 129-баптың үшінші бөлігі "аса ауыр" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық" деген сөзбен толықтырылсын ;

4) 176-баптың үшінші бөлігі:

мынадай мазмұндағы г) тармағымен толықтырылсын:

"г) егер өзінің қызметтік орнын пайдалана отырып, мемлекеттік қызмет атқаратын адам не оған теңестірілген адам";

"үш жылға" деген сөз "г) тармағында көзделген жағдайда жеті жылға дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын ;

5) 193-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерге көзделген әрекеттерді:

а) егер өзінің қызметтік орнын пайдалана отырып, мемлекеттік қызмет атқаратын адам не оған теңестірілген адам;

б) ұйымдасқан топ ;

в) қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) немесе ірі мөлшерде- жасаса, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айырылып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал егер а) тармағында көзделген жағдайда мүлкі тәркіленіп немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады." ;

б ) 2 0 9 - б а п т а :

екінші бөлікте б) тармағында "лауазымды" деген сөз алынып тасталсын; үшінші бөлік мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді:

а) егер өзінің қызметтік орнын пайдалана отырып, мемлекеттік функцияларды атқаратын адам не оған теңестірілген адам;

б ) ұ й ы м д а с қ а н т о п -

жасаса, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айырылып, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал егер а) тармағында көзделген жағдайда мүлкі тәркіленіп жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

7) 224-баптың бірінші бөлігіндегі "лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік ұйым қызметшісінің" деген сөздер "мемлекеттік функцияларды атқаратын адам болып табылмайтын мемлекеттік органның немесе мемлекеттік ұйымның қызметкері немесе оған теңестірілген адам" деген сөздерге ауыстырылсын;

8) 228-баптың ескертуі мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Осы Кодекстің баптарында мемлекеттік меншіктің сомалық үлесі отыз бес және одан астам пайыз құрайтын, мемлекеттік орган, жергілікті басқару органы немесе ұйымы болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқаратын адам коммерциялық немесе өзге ұйымдарда басқару қызметтерін атқаратын адам деп т а н ы л а д ы . " ;

9) 13-тараудың атауы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмыстар";

10) 307-бап мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"307-бап. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану

1. Мемлекеттік қызмет атқаратын адам не оған теңестірілген адам немесе жеке басына, өзге адамға не ұйымға пайдакүнемдік пен артықшылық алу немесе өзге адамдарға не ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өз қызметтік өкілеттігін қызмет мүдделеріне кереғар пайдалануы азаматтардың не ұйымдардың немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса,- жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған

адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы .

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет - үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет - бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер - жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

#### Е с к е р т у :

1. Мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес лауазымды адамдар мен барлық мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдарға жатады.

2. Мемлекеттік қызмет атқаруға өкілетті адамдарға:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адамдар;  
2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті мен Мәслихаттардың депутаттығына, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттар ретінде т і р к е л г е н а з а м а т т а р ;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қаражатынан, мемлекеттік органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары құратын бюджеттен тыс қорлардың қаражатынан төленетін қызметшілер;

4) мемлекеттік ұйымдардың және жарғылық капиталында мемлекеттік меншіктің жиынтық үлесі отыз бес пайыз құрайтын ұйымдардың басқару міндеттерін атқаратын а д а м д а р т е ñ е с т і р і л е д і .

3. Тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша өкіметтің өкілі қызметін

жүзеге асырушы не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындаушы адамдар лауазымды тұлғалар деп танылады.

4. Мемлекеттің міндетін және мемлекеттік органдардың өкілеттігін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленетін қызметтерді атқаратын адамдар, сол сияқты мемлекеттік қызмет туралы заңдарда белгіленген мемлекеттік қызметшілердің саяси лауазымында істейтін адамдар жауапты мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар деп түсініледі.";

11) 308-бап мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"308-бап. Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану

1. Билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалануы, яғни мемлекеттік қызмет атқаратын не оған теңестірілген адамның құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің Заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын әрекеттер жасауы, -

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет -

үш жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаған нақ сол әрекет-

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттер:

а) күш қолдану немесе оны қолданумен қорқыту арқылы жасалса;

б) қаруды немесе арнайы құралдарды қолдану арқылы жасалса;

в) жеке басына, өзге адамға не ұйымға пайдакүнемдік пен артықшылық алу немесе

өзге адамдарға не ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалса;

г) ауыр зардаптарға әкеп соқса, -

жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

12) 310-бап мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"310-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

1. Мемлекеттік қызмет атқаратын не оған теңестірілген адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы ұйымды құруы, не мұндай ұйымды басқаруға тікелей өзі немесе заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан, сенім білдірген адам арқылы қатысуы, егер осы әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер және басымдықтар берумен немесе өзге де нысандағы қамқоршылыққа байланысты болса, -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл сала отырып, бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл сала отырып, 10 жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Лауазымды адамдардың мемлекеттік емес ұйымдарға, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерге лицензиялау жөніндегі өкілеттігін тапсыруға әкеп соғатын әрекеттерді ж а с а у ы , -

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.";

1 3 ) 3 1 1 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"лауазымды адамның" деген сөздер "мемлекеттік қызмет атқаратын не оған теңестірілген адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үш жылға дейінгі" деген сөздер "бес жылға дейінгі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

"Лауазымды адамның алуы" деген сөздер "Лауазымды адамның нақ сол әрекеттерді



жасауы, сол сияқты алуы" деген сөздермен ауыстырылсын;  
"үш жылға дейінгі" деген сөздер "жеті жылға дейінгі" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші бөлікте "үш жылға" деген сөздер "жеті жылға" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

ескертудегі 2-тармақта "лауазымды адамның" деген сөз "мемлекеттік қызмет  
атқаратын не оған теңестірілген адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4 ) 3 1 2 - б а п т а :

бірінші бөлікте "лауазымды адамға" деген сөз тиесілі "мемлекеттік қызмет  
атқаратын не оған теңестірілген адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "Оның жасағаны үшін" деген сөздер "сол сияқты пара беруді  
жасағаны үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертуде "лауазымды адамға", "лауазымды адаммен", "лауазымды адамның" деген  
сөздер "мемлекеттік қызмет атқаратын не оған теңестірілген адамға", "мемлекеттік  
қызмет атқаратын не оған теңестірілген адаммен" және "мемлекеттік қызмет атқаратын  
не оған теңестірілген адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5 ) 3 1 4 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т е :

"лауазымды адамның, сондай-ақ лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік  
қызметшінің" деген сөздер "мемлекеттік қызмет атқаратын не оған теңестірілген  
адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"пайдакүнемдікпен немесе өзге де жеке мүддесінде" деген сөздер "жеке басына,  
өзге адамға не ұйымға пайдакүнемдік пен артықшылық алу немесе өзге адамдарға не  
ұйымдарға зиян келтіру мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2 және 3 бөліктермен толықтырылсын:

"2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған  
адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы  
мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды  
атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып үш жылға дейінгі  
мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әрекетті жауапты мемлекеттік лауазым  
а т қ а р а т ы н а д а м ж а с а с а , -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған  
адамның үш айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы  
мөлшерінде айыппұл салуға, не жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды  
атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып бес жылға дейінгі  
мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

16) 315-бап мынадай редакцияда мазмұндалсын:

## "315-бап. Қызметтегі әрекетсіздік

1. Қызметтегі әрекетсіздік, яғни мемлекеттік қызмет атқаратын адамның немесе оған теңестірілген адамның жеке басына, өзге адамға не ұйымға пайдакүнемдік пен артықшылық алу немесе өзге адамдарға не ұйымдарға зиян келтіру мақсатында өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соқса,-

жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Лауазымды адам жасаған нақ сол әрекет - үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде не сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Нақ сол әрекетті жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам жасаса,- бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер - жеті жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

17) 349-бап мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"349-бап. Параға немесе коммерциялық сатып алуға арандату

1. Коммерциялық сатып алуға арандату, яғни қылмыстың жасалуына не бопсалауға қолдан айғақтар жасау мақсатында коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару функцияларын атқарушы адамға оның келісімінсіз ақша беруге, мүліктік игіліктер мен артықшылық жасауға тырысу әрекеттері,-

жүзден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не мүліктерін тәркілеп немесе онсыз бес жылға дейінгі

мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға арандату, яғни мемлекеттік қызмет атқаратын немесе оған теңестірілген адамға қатысты жасалған нақ сол әрекеттер-

"349-бап. Параға немесе коммерциялық сатып алуға арандату

1. Коммерциялық сатып алуға арандату, яғни қылмыстың жасалуына не бопсалауға қолдан айғақтар жасау мақсатында коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару функцияларын атқарушы адамға оның келісімсіз ақша беруге, мүліктік игіліктер мен артықшылық жасауға тырысу әрекеттері,-

жүзден үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан үш айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не мүліктерін тәркілеп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға арандату, яғни мемлекеттік қызмет атқаратын немесе оған теңестірілген адамға қатысты жасалған нақ сол әрекеттер-

екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның үш айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл сала отырып, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не мүліктерін тәркілеп немесе онсыз жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы . " ;

18) 351-баптың екінші бөлігі "адамды" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық" деген сөздермен толықтырылсын ;

19) 352-баптың екінші бөлігі "адамды" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық" деген сөздермен толықтырылсын ;

20) 354-баптың төртінші бөлігінде "аталған адамдардың" деген сөз "сол сияқты сыбайлас жемқорлық ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасады деп айыпталуына байланысты" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 1997 ж. 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-бет; 1998 ж., N 23, 416-бет; 2000 ж., N 3-4, 66-бет, 141-бет; 2001 ж., N 8, 53-бет; N 15-16, 239-бет; N 17-18, 245-бет; N 21-22, 281-бет; 2002 ж., N 4, 32-33-бет; N 17, 155-бет):

1) 192-баптың 4-1 бөлігінде "307-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде), 308-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздер "307-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 308-бабында (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 267-1-баппен толықтырылсын:

"267-1-бап. Халықаралық іздестіруді жариялау

1. Халықаралық іздестіруді жариялауға негіздер болған жағдайда прокурордың санкциясы бойынша қылмыстық қудалау органы айыпталушыға халықаралық

іздестіруді жариялау туралы жеке қаулы шығарылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған және тергеуден жасырынған адамға халықаралық іздестіруді жариялауға санкция беруге Бас Прокурор мен оның орынбасарлары құқылы."

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-бет; N 17-18, 241-бет; N 21-22, 281-бет; 2002 ж., N 4, 33-бет; N 7, 155-бет):

1) 55-баптың бірінші бөлігі "бұзғаны" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны" деген сөздермен толықтырылсын;

2 ) 6 9 - б а п т а :

екінші бөлігі "саласында" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық, сол сияқты" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлігінде "бір айдан" деген сөздер "үш айдан" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 ) 5 3 4 - б а п т а :

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

"жыл" деген сөз "үш жыл" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті жеке тұлғаларға немесе оларға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, өзге материалдық игіліктер берген, қызмет көрсеткен, жеңілдіктер мен артықшылық жасаған жеке, заңды адамдар жауаптылыққа тартылмайды, егер оларға қатысты мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғалардың немесе оған теңестірілген адамдардың тарапынан бопсалау орын алған болса немесе осы жеке, заңды адамдар болған жағдай туралы құзыретті органдарға өз еркімен он күн мерзім ішінде мәлімдесе."

4 ) 5 3 6 - б а п т а :

бірінші бөлікте "он бес" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

5 ) 5 3 7 - б а п т а :

бірінші бөлікте "ақпарат" деген сөз "құқықтық статистика және ақпарат органдарына" деген сөзбен толықтырылсын.

6. 1999 ж. 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-бет; 2001 ж., N 23, 309-бет):

1) 94-бапта бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

2 - 1 ) " қ а т а ң с ө г і с " ;

2) мынадай мазмұндағы 95-1-баппен толықтырылсын:

"95-1-бап. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жаза

қ о л д а н у д ы ң

м е р з і м д е р і

1. Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей тәртіптік жаза тағайындалады және теріс қылық жасалған күннен бір жыл кешіктірілсе, жаза қолданылмайды.

2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан немесе қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, алайда адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылықтың не тәртіптік теріс қылықтың сипаттары болса, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін."

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК